

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара саудасындағы сандық шектеулерді кезең-кезеңімен жою туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 611 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара саудасындағы сандық шектеулерді кезең-кезеңімен жою туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара саудасындағы сандық шектеулерді кезең-кезеңімен жою туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара саудасындағы сандық шектеулерді кезең-кезеңімен жою туралы келісім

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері бұдан әрі - Тараптар, теңдік және өзара пайда негізінде Біртұтас экономикалық кеңістік (бұдан әрі - БЭК) шеңберінде көп жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуды өздерінің ұстанатындықтарын растай отырып, тауарлардың еркін қозғалысы үшін жағдай жасай отырып, өзара тиімді кооперациялық байланыстарды және ынтымақтастықты дамытудың негізінде Тарап мемлекеттерінің экономикалық әлеуетін ұлғайтуға жәрдемдесе отырып,

өз елдері халқының өмір сүру деңгейін тұрақты көтеру ниетін басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің (ГАТТ/ДСҰ) қағидаттарын назарға
а л а о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Жалпы ережелер

1. Тараптар осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін мыналарды:
өзара саудадағы сандық шектеулерді кезең-кезеңімен жоюды;
өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, қаржы, инвестициялар саласында, әлеуметтік
салада сауда-экономикалық саясатты жүргізудегі, сондай-ақ адал бәсекелестікті
дамытудағы ынтымақтастықты;

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасын сауданың сандық шектеулерді қолданбай
тиімді жұмыс істеуі үшін қажет болатын мөлшерде үйлестіруді қамтамасыз ету үшін
ө з а р а ә р е к е т е т е д і .

2. Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтарында олар Тараптар
мемлекеттерінің заңнамасында айқындалғандай қолданылады.

2 - б а п

Келісімді қолдану аясы

1. Сандық шектеулерді жою басқа Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтарына
арналған Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумағынан шығарылатын тауарларға
қ о л д а н ы л м а й д ы .

2. Осы Келісімнің ережелері демпингке қарсы, өтемақылық және арнайы қорғау
шараларын енгізуге және қолдануға байланысты туындайтын құқықтық қатынастарға
қолданылмайды.

3 - б а п

Сандық шектеулер

1. Тараптардың бірінің мемлекетінің кедендік аумағынан шығарылатын және басқа
Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумағына әкелуге арналған тауарлардың
импортына Тараптар және/немесе экспортына сандық шектеулерді қолданбайды.

2. Тауарлардың импортына және/немесе экспортына сандық шектеулерді
қолданатын Тараптар өз мемлекеттерінің ресми басылымдарында сандық шектеулерді
қолдануды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жариялайды.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген режимнен алып қоюды қолданатын
Тараптар осы Келісім күшіне енген күнінен бастап он екі ай бойы екі жақты негізде
оларды кезең-кезеңімен жоюды келіседі.

4 - б а п

Айрықшалық

Егер бұл шаралардың кемсітушілік сипаты болмаса және мыналарға қатысты болса,
осы Келісім Тараптардың әрқайсысының сандық шектеулерді қолдану құқығын
қ о з ғ а м а й д ы :

1) экспорттаушы Тараптың мемлекеті үшін елеулі мәнге ие азық-түліктік және басқа тауарлардың сыншыл жетіспеушілігін болдырмау немесе әлсірету үшін уақытша қолданылатын экспортқа тыйым салу немесе шектеу;

2) е г е р :

Тарап мемлекетінің аумағынан шығарылатын ұқсас тауарларды шығаруды немесе с а т у д ы қ ы с қ а р т у ;

егер Тарап мемлекетінде ұқсас тауарды айтарлықтай шығару болмаған болса, импорттық тауармен тікелей алмастырылуы мүмкін Тарап мемлекетінің аумағында шығарылатын тауарды шығаруды немесе сатуды қысқарту;

нарықтағы Тарап мемлекетінің аумағынан шығарылатын ұқсас тауардың уақытша артылуын, осындай артық тауары бар меншік иесінің немесе оның уәкілетті тұлғасының отандық тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық бағасынан төмен бағамен беру жолымен жою;

нарықтағы Тарап мемлекетінің аумағынан шығарылатын импорттық тауармен тікелей алмастырылуы мүмкін тауардың уақытша артылуын, егер Тарап мемлекетінде ұқсас тауарды едәуір шығару болмаса, осындай артық тауары бар меншік иесінің немесе оның уәкілетті тұлғасының отандық тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық бағасынан төмен бағамен беру жолымен жою;

егер осы тауарды отандық өндіру біршама азғантай болса, өндірілуі тікелей, толықтай немесе негізгі бөлігі импортталатын тауарға байланысты болатын мал өнімінен алынатын кез келген өнімнің өндіруге рұқсат берілетін санын шектеу қажет болса Тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелінетін кез келген ауыл шаруашылығы тауарының немесе су-биологиялық ресурстардың импортын кез келген түрде шектеу;

3) тө л е м т ең г е р і м і н б ұ з у ;

4) қоғамдық моральді қорғау;

5) адамның өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау;

6) алтынның немесе күмістің импорты немесе экспорты;

7) осы Келісімге қайшы келмейтін заңдарды немесе нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету;

8) қамауға алынған адамдардың еңбегімен шығарылған тауарлар;

9) көркем, тарихи немесе археологиялық құндылықтардың ұлттық қазыналарын қ о р ғ а у ;

10) егер ұқсас мұндай шаралар ішкі өндіруді немесе тұтынуды шектеумен бір мезгілде жүргізілсе, табиғи ресурстардың таусылуын болдырмау;

11) мемлекеттік қолдау бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде осы өнімнің ішкі бағасы әлемдік бағадан кем болса, отандық өнімнің экспортын шектеу;

12) жалпы немесе жергілікті тапшылық кезінде тауарларды сатып алу немесе тарату ;

13) мемлекеттік құпияны құрайтын ақпараттың, сондай-ақ құпия ақпараттың жария

болуын болдырмауды қоса алғанда, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
14) қару, әскери техника, оқ-дәрі саудасы;
15) радиоактивті материалдар саудасы.

5 - б а п

Дауларды шешу тәртібі

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға шешуге бере алады.

6 - б а п

Ескертпелер

Осы Келісімге ескертпе жасауға берілмейді.

7 - б а п

Келісімге қосылу

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы болуы мүмкін.

Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта белгіленеді.

8 - б а п

Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9 - б а п

Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және одан шығу тәртібі туралы хаттамада белгіленеді.

200__ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясына берілгенге дейін Қазақстан Республикасы осы Келісімнің Депозитарийі болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Беларусь

Ресей

Республикасының

Федерациясының

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Украинаның *Министрлер*
Кабинеті үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК